



ШАХМАТ ТУРНИРЫ

ALMATY
REGION OPEN
QONAEV CUP

03.08 – 12.08.2025



«Бекітемін»
«Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ
Атқарушы директоры
Дәулетова Г.Б.
2025 жылғы «25 сәуір»



«Almaty region open. Qonaev Cup 2025»
(Шахматтан 2025 жылғы Қазақстан Кубогының III-ші кезеңі)
халықаралық шахмат турнирінің
РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Almaty Region Open 2025. Qonaev Cup» халықаралық шахмат турнирі (бұдан әрі – Турнир) «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ (ҚШФ) ұйымдастыратын спорттық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес мына мақсатта өткізіледі:

- Қазақстан Республикасында және Алматы облысында шахматты кеңінен насихаттау және дамыту;
- Қазақстанда кәсіби шахматты жүйелі түрде дамытуға ықпал ету;
- Қазақстан Республикасының ересектер мен жасөспірімдер құрамалары мүшелерінің шеберлігін арттыру;
- «Қазақстан Кубогы 2025» (Kazakhstan Chess Cup 2025) финалына қатысатын үміткерлерді анықтау.

2. Ұйымдастыру комитеті

2.1. Кубокты ұйымдастыруға жалпы басшылықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің, сондай-ақ Алматы облысының Дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен Қазақстан шахмат федерациясы (ҚШФ) жүзеге асырады.

2.2. Ұйымдастыру ҚШФ Төралқасы бекіткен турнирдің директоры мен төрешілер алқасына жүктеледі.

3. Өтетін мерзімі мен жері

3.1. Күндері: 2025 жылғы 3 тамыз (келу күні) – 13 тамыз (кету күні);

3.2. Ойын залы: Алматы облысында, Алматы қаласының маңында орналасады. Нақты мекенжайы мен ғимарат туралы толық ақпарат ҚШФ-ның ресми сайтында растаудан кейін жарияланады. Келу әуежайы – Алматы Халықаралық әуежайы (ALA), Қазақстан.

4. Турнирлер және өткізу шарттары

4.1. Чемпионат үш турнирден (бұдан әрі – Турнирлер) тұрады:

- **Masters** турнирі;
- **Challengers** турнирі;
- **Open** турнирі.

4.2. Турнирлер ФИДЕ рейтингісін есептеу ережесіне сәйкес өткізіледі.

4.3. Турнирлер ФИДЕ ережесі бойынша швейцариялық жүйе бойынша 9 турды қамтиды.

4.4. Жеребе рәсімі Swiss Manager бағдарламасы арқылы өткізіледі.

- 4.5. Уақыт бақылау: классика 90+30 (партияға 90 минут беріледі және әр жасалған жүріс үшін біріншісінен бастап 30 секунд қосылады).
- 4.6. Турға 30 минуттан астам уақытқа кешіккен жағдайда, қатысу жеңілген болып есептеледі.
- 4.7. 30-шы жүріске дейін партияны тең ойынмен аяқтауды ұсынуға тыйым салынады.
- 4.8. Читинг-бақылау ФИДЕ Античитерлік ережесінің талаптарына сәйкес стандартты қорғаныс деңгейінде қамтамасыз етіледі. Трансляцияны 15 минутқа кідірту қолданылады.
- 4.9. Барлық ойыншылардың дресс-код ұстануы қажет (күнделікті іскерлік, күнделікті классикалық киім, ал қысқа шалбар пен ашық аяқ киім киюге жол берілмейді).
- 4.10. Ойын залында темекі шегуге тыйым салынған.
- 4.11. Партияны аяқтаған ойыншы көрермен болып есептеледі және турнир залынан шығуға міндетті.

5. Апелляция

- 5.1. Даулы мәселелерді шешу үшін техникалық жиналыста мынадай құрамдағы Апелляциялық комитет (АК) сайланады: АК төрағасы, АК 2 негізгі мүшесі + АК 2 қосалқы мүшесі;
- 5.2. Ойыншы тур аяқталғаннан кейін 1 сағаттан кешіктірмей АК-ге жазбаша түрде апелляция беріп және 100 000 теңге мөлшеріндегі апелляциялық жарнаны төлеп, төрешілер алқасының кез келген шешіміне қарсылық бере алады;
- 5.3. Апелляциялық комитеттің шешімі соңғы әрі нақты болып табылады;
- 5.4. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда апелляциялық жарна толық мөлшерінде қайтарылады.

6. Кесте

Күні	Оқиға
03.08.2025	Келу күні 12.00–18.00 Қатысушыларды аккредиттеу 19.00 Техникалық жиналыс
04.08.2025	14.00 – Турнирдің ашылуы 15.00 – 1-ші тур
05.08.2025	15.00 – 2-ші тур
06.08.2025	15.00 – 3-ші тур
07.08.2025	15.00 – 4-ші тур
08.08.2025	15.00 – 5-ші тур
09.08.2025	15.00 – 6-шы тур
10.08.2025	15.00 – 7-ші тур
11.08.2025	15.00 – 8-ші тур
12.08.2025	10.00 – 9-шы тур 17.00 – Турнирдің жабылуы
13.08.2025	Кету күні

* турлар кестесін Турнирдің төрешілер алқасы түзетуі мүмкін

7. Қатысушылар және турнир жарнасы

7.1. Қатысушылардың ең көп саны – 300 адам. Өтінімді ертерек бергендер басымдыққа ие болады.

7.2. Жарысқа қатысуға мына төмендегі талаптарға сәйкес келетін спортшыларға рұқсат беріледі:

Masters турнирі: Эло рейтингі 2400+	Challengers турнирі: Эло рейтингі 1900–2399	Open турнирі: Эло рейтингі 1400–1899
Қатысушылар лимиті: 100	Қатысушылар лимиті: 100	Қатысушылар лимиті: 100
Рейтинг: 2600+ 0 USD = 0 KZT	GM, IM, WGM, WIM атақтары 0 USD = 0 KZT	GM, IM, WGM, WIM атақтары 0 USD = 0 KZT
Рейтинг: 2500–2599 50 USD ≈ 25 000 KZT	Рейтинг: 1900–2399: 100 USD ≈ 50 000 KZT	Рейтинг: 1400–1899 75 USD ≈ 37 500 KZT
Рейтинг: 2400–2499 125 USD ≈ 62 500 KZT		

7.3. Қазақстан Республикасының азаматтығына ие 2007 жылы туған және олардан кіші жасөспірімдер, 1965 жылы туған және одан үлкен ардагерлерге, ерекше қажеттіліктері бар 1, 2, 3-ші топтағы қатысушыларға турнир жарнасын төлеуге 50% жеңілдік қарастырылған.

7.4. **Masters** турниріне ҚР ұлттық ерлер мен әйелдер құрамасы мүшелеріне қатысуына рұқсат етіледі. Жаттықтырушылар кеңесінің шешімімен рейтингі 2400-ден төмен қазақстандық ойыншылардың шектеулі саны жіберілуі мүмкін. Өтінімдер tournaments@kazchess.kz поштасына 3 шілдеге дейін қабылданады. Қатысу туралы шешім 2025 жылғы 15 шілдеден ерте жарияланбайды.

7.5. Турнирге қатысудан бас тартқан жағдайда турнир жарнасы қайтарылмайды.

7.6. Ұйымдастыру комитеті 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша рейтингі 2600-ден жоғары, шақырылған спортшыларға ғана қабылдауды қамтамасыз етеді (шақырылған қатысушылардың тізімін Қазақстан шахмат федерациясы жасайды):

Шарттар	Қабылдау	
	Фулборд тұру	Әуе билетінің құнын өтеу (балама)
GM Эло 2700+	Фуллборды бар бір орындық (сингл) бөлмеге орналасу;	500 000 KZT аспайды ≈ 1000 USD аспайды
GM Эло 2600–2699	Фуллборды бар екі орындық (твин) бөлмеге орналасу;	400 000 KZT аспайды ≈ 800 USD аспайды

- қабылдауға өтінімді tournaments@kazchess.kz поштасына жіберу қажет;

- ұйымдастырушы қабылдауға өтінімдердің шектеулі санын қабыл алады;
- әуе билеттерін ұйымдастыру комитеті сатып алады;
- твин бөлмені сингл дәрежесіне дейін жоғарылату тәулігіне 20 000 KZT ≈ 40 USD қосымша төлем жасалатын жағдайда мүмкін болады;
- ұйымдастыру комитеті бос орындар санының шектеулі болуына байланысты қабылдаудан бас тартуға құқылы;
- қабылдау бір елдің ең көп дегенде екі спортшына қамтамасыз етіледі;
- өтінім берілуі оның автоматты түрде қабылданатынына кепілдік бермейді;
- шақырылған спортшылардың ақырғы тізімін ҚШФ жасайды.

8. Өтінімдерді қабылдау / тіркеу

- 8.1. Турнирлерге қатысуға өтінімдер 2025 жылғы 13 шілдеге дейін мына сілтеме бойынша қабылданады: <https://opencups.kazchess.kz/>;
- 8.2. Қатысушылардың саны толған жағдайда Ұйымдастыру комитеті өтінім қабылдауды белгіленген күнге дейін аяқтау құқығын өзіне қалдырады;
- 8.3. Ұйымдастыру комитеті 2025 жылғы 13 шілдеден кейін тіркеуден бас тарту құқығын сақтап қалады;
- 8.4. 2025 жылғы 10 маусымнан кейін тіркеуді сұраған қатысушылар үшін турнир жарнасы 25 000 KZT ≈ 50 USD дейін артады;
- 8.5. Турнир жарналары ҚШФ сайтында турнирге тіркелу кезінде қабылданады;
- 8.6. Турнирге қатысудан бас тартқан жағдайда жарна қайтаруға жатпайды;
- 8.7. Тіркеудің растамасы қатысушының Chess-results.com сайтындағы старттық тізімге қосылуы түрінде болады;
- 8.8. Аккредиттеу кезінде қатысушылардың болуы міндетті; қатысушы ашылу рәсіміне дейін 24 сағат бұрын ескертпестен турнирде болмаған жағдайда ұйымдастыру комитетінің қатысушыны бірінші тур жеребесіне қоспауға құқығы бар.

9. Виза

- 9.1. Визаны ресімдеу үшін **шақыру нөмірі** қажет етіледі. Уәкілетті органның шақыру нөмірін беру жағынан құжаттарды қарауының мерзімі 2 аптадан басталады, осыған байланысты спортшылар сұралған құжаттарды 2025 жылғы 20 мамырдан кешіктірмей жіберуі қажет;
- 9.2. Шақыру нөмірі бар электрондық визаны спортшы <https://www.vmp.gov.kz/ru/services/visa-service> сайтында өз бетінше ресімдейді.
- 9.3. Мемлекеттік шекарадан өткен кезде және Қазақстан Республикасы аумағында көрсету үшін электрондық визаны басып шығару қажет. Электрондық виза Қазақстан Республикасына **тек халықаралық әуежайлар арқылы** кіру / шығу құқығын береді;
- 9.4. Шақыру нөмірі бар виза-жапсырманы спортшы ҚР Елшілігінде өз бетінше ресімдейді;
- 9.5. Визаның құны 80 USD. Ескертпе: қабылдау қамтамасыз етілетін қатысушылардың визасының құнын ұйымдастырушылар өтейді.

10. Жеңімпаздарды анықтау. Марапаттау

- 10.1. Жарыс жеңімпаздары барлық партияларда жиналған ұпайлардың ең үлкен қосындысы бойынша анықталады. Ұпай саны тең болған жағдайда дәйекті түрде мына тәсілдер қолданылады:
- a. қысқартылған Бухгольц коэффициенті (бір ең нашар нәтижесіз);
 - b. жеке кездесу (егер бөліске барлық қатысушылар бір-бірімен ойнаса);

- c. жеңістердің ең көп саны;
d. перформанс.

10.2. Турнирдің кепілдік берілген жұлде қоры 100 000 АҚШ доллар. *турнирдің жұлде қоры доллармен есептеледі, теңгедегі сома 1\$ үшін 500 тенге белгіленген бағам бойынша есептелетін болады

Masters турнирі, ELO 2400+ (78 000\$)					
1-ші орын	\$18 000	9 000 000 ₸	9-шы орын	\$2 000	1 000 000 ₸
2-ші орын	\$14 000	7 000 000 ₸	10-шы орын	\$1 600	800 000 ₸
3-ші орын	\$10 000	5 000 000 ₸	11-ші орын	\$1 500	750 000 ₸
4-ші орын	\$7 000	3 500 000 ₸	12-ші орын	\$1 400	700 000 ₸
5-ші орын	\$6 000	3 000 000 ₸	13-ші орын	\$1 300	650 000 ₸
6-шы орын	\$5 000	2 500 000 ₸	14-ші орын	\$1 200	600 000 ₸
7-ші орын	\$4 000	2 000 000 ₸	15-ші орын	\$1 000	500 000 ₸
8-ші орын	\$3 000	1 500 000 ₸	Әйелдер арасындағы үздік нәтиже	\$1 000	500 000 ₸

Challengers турнирі, ELO 1900+ (15 000\$)					
1-ші орын	\$4 000	2 000 000 ₸	Ерлер арасындағы үздік нәтиже 2200	\$800	400 000 ₸
2-ші орын	\$3 000	1 500 000 ₸	Ерлер арасындағы үздік нәтиже 2100	\$700	350 000 ₸
3-ші орын	\$2 000	1 000 000 ₸	Ерлер арасындағы үздік нәтиже 2000	\$700	350 000 ₸
4-ші орын	\$1 000	500 000 ₸	Әйелдер арасындағы үздік нәтиже	\$500	250 000 ₸
5-ші орын	\$1 000	500 000 ₸	Үздік ойыншы (жергілікті)	\$500	250 000 ₸
6-шы орын	\$800	400 000 ₸			

Open турнирі, ELO 1900-ге дейін (7 000\$)					
1-ші орын	\$2 000	1 000 000 ₸	5-ші орын	\$700	350 000 ₸
2-ші орын	\$1 500	750 000 ₸	Ерлер арасындағы ең жақсы нәтиже 1600	\$500	250 000 ₸
3-ші орын	\$1 000	500 000 ₸	Үздік ойыншы (жергілікті)	\$500	250 000 ₸
4-ші орын	\$700	400 000 ₸			

10.3. Барлық жұлдеден Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес салық ұсталады;

10.4. Негізгі және қосымша жұлделер бөлінбейді.

10.5. Қатысушы бір ғана жұлдені – ең үлкенін ала алады;

10.6. Жұлде төлемі сұралған құжаттар тапсырылған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде спортшының банктік шотына қаражатты теңгемен / доллармен / рубльмен аудару арқылы жүзеге асырылады;

10.7. *турнирдің жұлде қоры доллармен есептеледі, теңгедегі сома 1\$ үшін 500 тенге белгіленген бағам бойынша есептелетін болады;

10.8. Спортшының банктік шоты болмаған немесе ол бұғатталған немесе оның банктік шотына ақша аудару санкцияға немесе басқа да мән-жайларға байланысты мүмкін болмаған жағдайда спортшы басқасына қоса өзінің ақшалай жұлдесін алу үшін үшінші тұлғаға нотариалдық куәландырылған сенімхатты да ұсынуы қажет;

10.9. Ақшалай жүлде қолма-қол ақшамен төленбейді және спортшы сұралған құжаттарды турнир аяқталған күннен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде тапсырмаған жағдайда ұйымдастыру комитеті жүлдені төлемеуге құқылы болады.

11. Жарыс өткізу шығыны

11.1. ҚШФ жарыс өткізу бойынша мынадай шығынды көтереді:

- *Masters турниріне 78 000\$* мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету;
- *Challengers турниріне 15 000\$* мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету;
- *Open турниріне 7 000\$* мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету;
- Төрешілер алқасының жұмысына ақы төлеу;
- Ұйымдастыру шығынын ішінара төлеу;

11.2. «Алматы облыстық Дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ

- әкімшілік және шаруашылық ресурспен қамтамасыз ету (200 үстел, 300 орындық);
- чемпионаттың ашылуы мен жабылуын ұйымдастыру;
- чемпионаттың ашылуы мен жабылуын музыкалық сүйемелдеу;
- чемпионат кезінде медициналық сүйемелдеуді ұйымдастыру;
- чемпионат кезінде қоғамдық тәртіпті ұйымдастыру;
- чемпионат кезінде өрт сөндіру бригадасының кезекшілігін ұйымдастыру;
- турнир залына үй-жай беру;
- безендіру;
- көлік шығысы – гроссмейстерлерді әуежайдан қарсы алу, локацияға тасымалдау;

11.3. Қатысушылардың ұшуы мен тұруына байланысты шығынды сапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

12. Қатысушылардың, алып жүретін адамдардың құқықтары мен міндеттері

12.1. Қатысушылар ФИДЕ қағидаларына және осы Регламентке сәйкес ойнауға міндеттенеді.

12.2. Партияларды жазу «6 жасқа дейінгілер» санатынан басқа барлық қатысушылар үшін міндетті.

12.3. Төрешінің екі ескертуінен кейін партияның жазбасын жасамай жатқан қатысушы жеңілді деп есептеледі. Егер келесі партияда бұл жағдай қайталанса, қатысушы жарыстан шығарылады.

12.4. Қатысушылар, жаттықтырушылар, алып жүруші адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері мен әдептілік қағидаларын сақтауға міндеттенеді.

12.5. Ойын тәртібін жүйелі түрде бұзған, қасақана жанжалды жағдай туғызған және басқа да бұзушылық жасаған жағдайда қатысушы жарыстан шығарылады. Жаттықтырушылар мен алып жүретін адамдар тарапынан осындай бұзушылық болған жағдайда тәртіп бұзушылар Турнирлерде болу құқығынан айырылады.

12.6. Турнирлерге қатысушылардың:

- Апелляциялық Комитетке жүгінуге (6.5-тармақты қараңыз);
- Турнир залында алғашқы медициналық көмек көрсетілуіне құқығы бар.

12.7. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ҚР АҚ) 145-бабына сәйкес және ҚР АҚ 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ спорттық іс-шараларын, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін халық арасына кеңінен тарату мақсатында Қатысушы Ұйымдастырушыға:

– Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе оның мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың Қатысушының жарысқа қатысуын бейне және фотоға түсіруіне (фотосурет және/немесе бейнеролик);

– Ұйымдастырушының Қатысушының атын пайдалануына, Қатысушының бейнесін және/немесе Кубоктың нәтижесінде алынған, Қатысушы бейнеленген басқа да аудио-, бейне-, фотоматериалдарды кез келген тәсілмен және кез келген құралдармен, пайдалану мерзімі мен аумағы бойынша шектеусіз жариялауына, жаңғыртуына және таратуына, соның ішінде осы материалдарды өңдеу және үшінші тұлғаларға беру құқығына өзінің келісімін береді.

Қатысушы осы келісімді белгісіз мерзімге өтеусіз негізде береді және оның кейіннен Ұйымдастырушыдан қандай да бір өтемақы төлеуін талап етуге құқығы жоқ.

13. Байланыс ақпараты

Турнир Директоры: Президиум тағайындауы бойынша

Бас төреші: ТБК тағайындауы бойынша

Хатшылар: ТБК тағайындауы бойынша

Турнирдің менеджері: Президиум тағайындауы бойынша, tournaments@kazchess.kz.